

**2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша
кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін
күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 13 мамырдағы № 191 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 мамырда № 28166 болып тіркелді

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, "Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндеттерін атқарушысының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20284 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері бір шаршы метр үшін бір айға 22 (жиырма екі) теңге сомасында бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы*

С. Бекшенов